АБАЙ ОБЛЫСЫ
ЖАҢАСЕМЕЙ АУДАНЫ
«АЙНАБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА АЙНАБУЛАКСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА»
РАЙОНА ЖАҢАСЕМЕЙ
ОБЛАСТИ АБАЙ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«04» 02 2026ж.(г.)

№ 13-Ө

Айнабұлақ ауылы

село Айнабулак

Тікелей келісімшарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы өкімі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Ереже) 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Сатып алынатын қызметтердің жылдық құны 4000 (төрт мың) АЕК-тен аспайтындықтан және 595 000 (бес жүз тоқсан бес мың) теңгені құрайтындықтан, Зил 130 үшін түтікшесі мен фриппері бар шиналарды сатып алу (бұдан әрі - Тауар) келісімшарты бір көзден тікелей жасалсын;
2. Заңның 16-бабының 6-тармағының және Ереженің 508-тармағының талаптарына сәйкес, Заңның 5-бабының 1, 4, 6, 7-тармақтарында көзделген қағидаттарға сәйкес Тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.
3. Осы өкімнің орындалуын бақылау және жауапкершілік өзіме қалтырамын.

Есепте берілген ақпарат

Жеткізушіні таңдаудың негіздемесі	**Жасалған келісімшарт бағасының негіздемесі**
Заңның 5-бабының 1-тармақшасын орындау мақсатында: тапсырыс беруші талап ететін сапаны ұсынған үш әлеуетті жеткізушісінен баға ұсыныстары сұралды; Заңның 5-бабының 4-тармақшасын орындау мақсатында: әртүрлі аймақтарда орналасқан әртүрлі, байланысы жоқ әлеуетті жеткізушілерінен баға ұсыныстары сұралды. Заңның 5-бабының 6-тармақшасын орындау мақсатында: Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабының 11-бөлігінде көзделген жауапкершілік туралы біледі; Заңның 5-бабының 7-тармақшасын орындау мақсатында: Өтініштері жіберілген әлеуетті жеткізушілерінің тапсырыс берушінің басшылығымен ешқандай байланысы, соның ішінде отбасылық байланысы жоқ.	Эйкос ЖШС тапсырыс берушінің талап ететін сапасымен ұсынған ең төменгі баға ұсынысы

Айнабұлақ ауылдық округінің әкімі **Г. Курманов**